



ПРЕЗИДЕНТ 2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Ағымдағы жылдың 11 ақпанында Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық комиссия төрағасы – Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімова, Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринді және Конституциялық комиссия мүшесі – Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Комиссияның жаңа Конституция жобасы бойынша атқарған жұмысы туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова Комиссияның осыған дейін өткен он екі отырысының нәтижесінде жаңа Ата Заңның қорытынды жобасы әзірленгенін баяндады. Жаңа Конституция мәтіні азаматтар мен сарапшылардың былтыр қазан айынан бастап eGov және e-Otinish порталдарына жолдаған бастамалары негізінде дайындалды. Сондай-ақ жобада Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы қазан-қаңтар айлары аралығында жинақтаған тәсілдер де ескерілді. Эльвира Әзімова Конституциялық комиссия талқылау қорытындысы бойынша жаңа Конституция жобасын жалпыхалықтық референдумға шығаруды ұсынатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы Конституциялық комиссияның өте ауқымды әрі маңызды жұмыс атқарғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, жаңа Конституция ережелері мемлекетіміздің институционалдық негізін трансформациялау үдерісі толығымен аяқталып, мүлде жаңа конституциялық үлгіге көшетінін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Ата Заң жобасы қоғамдағы өзекті құндылықтар мен мемлекеттік саясат қағидаттарын айқындап қана қоймай, Қазақстанның одан әрі прогрессивті дамуына негіз қалайтынын айтты.

Президент маңызды жұмысты көсібі тұрғыда атқарған Конституциялық комиссия мүшелеріне ризашылығын білдірді. Сондай-ақ Комиссия мүшелерінің жаңа Конституция жобасын тікелей эфирде талқылауы қоғамдық диалогтің жоғары деңгейін танытқанына назар аударды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы жобаны әзірлеу мен талқылауға мыңдаған азаматтың белсене атсалысқанына тоқталып, бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сай келетінін және жаңа Конституцияның шынайы халықтық сипатын көрсететінін атап өтті.

Ақорда.



RESPYBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jymalster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri



№07 /sarsenbi/ 18 aqpan 2026 jyl

Абай облысында 2025 жылы іске асырылған инвестициялық жобалар саны 29-дан 101-ге дейін артты. Өңірде Мемлекет басшысының қолдауымен Абайдың 180 жылдығына орай «Абайға құрмет» республикалық акциясы басталды. Ұлы ақын есімін иеленген өңірде басқа қандай ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр? Бұл туралы облыс әкімі Берік УӘЛИМЕН



БЕРІК УӘЛИ: ӨҢІРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛІП КЕЛЕДІ

– Берік Уәлиұлы, Абай облысына әкім болған бір жыл көлемінде БАҚ өкілдеріне арнайы сұхбат берген емессіз. Әкім ретіндегі алғашқы сұхбатыңызды «Егемен Қазақстан» газетіне беруге келіскеніңізге рахмет. Мемлекет басшысының тағайындауымен Абай облысының әкімі қызметіне кіріскеніңізге бүгін тура бір жыл толып отыр. Бұл – сіздің өңір басшысы ретіндегі алғашқы жұмыс тәжірибеңіз. Осы уақыт көлемінде өзіңіз туып-өскен өлкеде қандай оң өзгерістер болды?

– Бір жылдың көлемінде қандай өзгерістер болғанын облыс тұрғындарынан сұраған дұрыс шығар. Атқарылған жұмыстардың бағасын ең әуелі халық береді ғой. Дегенмен бір жылда әр салада біраз жүйелі жұмыс жүргізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мені туған жерім – Абай облысына әкім етіп жібергенде алдыма

бірқатар міндет қойды. Өңірдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуі тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыруға тікелей ықпал ететінін айтты, Үкіметпен бірге өңірді қарқынды дамыту жолдарын қарастырып, өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен шешуді тапсырды. Бұл бағытта біз ең әуелі «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста салынып, құрылысы созылып кеткен 65 медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысаны құрылысын аяқтап, былтыр тұрғындардың игілігіне бердік.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде бой көтерген мектептердің құрылысы да кестеден кешігіп қалған екен. Мердігерлерге қатаң талап қойып, нәтижесінде, 2025 жылы облысымызда 4 заманауи мектеп ашылды. Бесқарағай ауданында 300 орындық, Аягөз ауданында 600 орындық, Семей қаласының Қарағайлы шағын ауданында 1200 орындық, Водный кентінде 600 орындық мектеп пайдалануға берілді.

Восточный кентінде осы бағдарламамен 300 орындық мектептің құрылысы аяқталды. Төртінші тоқсанда ашуды жоспарлап отырмыз.

Былтыр Мемлекет басшысының тапсырмасына сай Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы лайықты деңгейде аталып өтті. Тұңғыш рет 10 күндік ретінде өткен хакимнің мерейтойында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Кешенді жоспар аясында энциклопедиялық порталдың, Абайға қатысты бірқатар кітаптың тұсаукесері, ғылыми конференция, жастар арасында интеллектуалдық сайыс және Қарауылда ұлттық ойындар сынды халықаралық, республикалық, өңірлік деңгейде 100-ден астам іс-шара атқарылды.

– Семей облысы 1997 жылы жасалып, 2022 жылы Президенттің Жарлығымен Абай облысы болып қайта ашылды. Алайда осы аралықта өңір әлеуметтік-экономикалық даму жағынан біршама кенже қалғаны рас. 25 жылда қордаланған түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға, толық еңсеруге қанша уақыт қажет?

Жалғасы 2-ші бетте

ҚОРЖЫНЫМЫЗДА АЛТЫН: 32 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ТАРИХИ ОҚИҒА!



Италиядағы XXV қысқы Олимпия ойындарында мөнерлеп сырғанаудан ерлер арасында жүлдегерлер анықталды. Ақпанның 14-күні әлем чемпионатының күміс жүлдегері Михаил Шайдоров өзінің еркін бағдарламасында рекордтық 198.64 ұпай жинап, алтын медальді жеңіп алды.

Президент атлеттің отандық спорт тарихында мөнерлеп сырғанаудан тұңғыш рет алтын медаль иеленуін тарихи маңызы зор жетістік ретінде атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шай-

доровқа жоғары шеберлігі, жеңіске деген ерік-жігері үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы барша спорт сүйер қауым мен ел азаматтары спортшының айтулы жетістігін мақтан тұтатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ жаттықтырушыларға, Конькимен мөнерлеп сырғанау федерациясына және тиісті министрлікке атқарған жұмысы үшін ризашылық білдірді.

Президент Олимпиада чемпионына толайым табыс пен жеңіс тіледі.

Жарыс барысында Михаил Шайдоров бірінші мәрте 5 рет төрттік секіру элементін сәтті орындай алды.

Турнирдің қорытындысы (24 қатысушы): 1-орын. Михаил Шайдоров - 291.58 ұпай 2-орын. Юма Кагияма (Жапония) - 280.06 ұпай

3-орын. Шун Сато (Жапония) - 274.90 ұпай Осылайша ел тарихында алғаш рет қысқы Олимпиадада бір спорт түрінен

екі жүлде бұйырды. Бұған дейін мөнерлеп сырғанаудан 2014 жылы Сочи Олимпиадасының Денис Тен қола жүлде алған еді.

Айта кетейік, Қазақстан атынан Олимпиаданың алтын жүлдесін сонау 1994 жылы Лиллехаммер Олимпиадасында шаңғышы Владимир Смирнов алған еді.

ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Михаил Шайдоровты тарихи жетістігімен құттықтады:

«Михаил Шайдоровты Олимпиаданың чемпионы атануымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл – талай жылғы тынымсыз еңбек пен табандылықтың, алға қойған мақсатқа деген сенімнің жемісі. Михаил елге зор қуаныш сыйлап, отандық мөнерлеп сырғанаушылардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеді. Бұл жетістік жас спортшыларға шабыт беріп, елімізде қысқы спорт түрлерінің дамуына жаңа серпін береді».

«Айғақ»-ақпарат.

СУМОШЫ ЕРСІН БАЛТАҒҰЛДЫ II ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Президент спорт саласындағы елеулі еңбегі үшін сумошы Ерсін Балтағұлды II дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттады.

Өткен аптада Қасым-Жомарт Тоқаев сумо спортының отаны Жапонияда зор жетістікке жеткен қазақстандық балуан Ерсін Балтағұлмен кездесті.

Президент спортшының былтыр Император кубогында «маэ-гашира» атағын, яғни сумо балуандарының ең жоғары дәрежесін иеленіп, жарыс қорытындысы бойынша «Канто-се» (жауынгерлік рух) арнайы жүлдесін алуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған жүлде табандылық пен қажырлы еңбектің жемісі екеніне тоқталды.

Сондай-ақ бүгінде шет мемлекеттерде елімізді әлемге танытып жүрген жастарымыздың көбейіп келе жатқанын, мемлекеттің таланттар мен спортты қолдауға ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

– Жапонияға барған сапарымда сізді Императордан бастап қарапайым халыққа дейін бәрі танитынын, құрметтейтінін байқадым. Бұл – зор мәртебе. Жапонияда тұрсаңыз да қазақтың атын шығарып, еліміздің беделін биіктетіп жүрсіз. Сізге ерекше ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Ерсін Балтағұл Президентке ілтипат көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, еліміздің жас спортшыларымен кездесуді жоспарлап отырғанын жеткізді.

– Қазақстанның азаматы ретінде мақсатымыз еліміздің көк туын 120 миллионнан аса халқы бар Жапонияға таныту болатын. Осы бағыттан тыймай, еңбек етіп келеміз. Сондай-ақ Италиядағы Қысқы Олимпиадада алтын медаль иеленген отандасымыз Михаил Шайдоровтың айтулы жетістігімен Өзімізді және барша қазақстандықтарды құттықтаймын, – деді Ерсін Балтағұл.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев балуанға алдағы уақытта да халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, ел абыройын асқақтатуға және Қазақстан мен Жапония арасындағы достықты нығайтуға үлес қоса беруіне тілектестік білдірді.

ШАРДАРА ТОПТЫҚ СУ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ 70%-ФА АЯҚТАЛДЫ

Түркістан облысында Шардара қаласының 30 мың тұрғынын жерасты көздерінен алынатын ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған Шардара топтық су құбырын салу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жоба аясында жалпы ұзындығы 39,3 км болатын құбыр салу көзделген, оның ішінде бүгінде 27 км немесе 68,7% салынды. Сондай-ақ қуаты 380 кВт болатын трансформатор орнатылады. Жұмыстарды жыл соңына дейін толық аяқтау жоспарланып отыр.

«Шардара-Байыркұм» кен орнындағы жерасты суының бекітілген қоры тәулігіне 49,2 мың текше метр. Су құбырының қуаты тәулігіне 12 мың текше метр. Жобаны іске асыру Шардара қаласын сапалы және үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Ерболат Ибрайханов.

Естеріңізге сала кетейік, былтырдың қорытындысы бойынша Су ресурстары және ирригация министрлігі жоспарланған 9 жобаның орнына 15 топтық су құбырын реконструкциялау және жаңғырту жобасын аяқтады. Нәтижесінде 514 000 адам тұратын 277 елді мекен орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілді және оның сапасы жақсартылды. Оның ішінде 73 елді мекен немесе 115 500 адам бұрын орталықтандырылған суға қол жеткізе алмаған.

Биыл 142 ауылдық елді мекенді немесе 540 мыңға жуық адамды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 жобаны аяқтап, пайдалануға беру жоспарда бар.



Аптаның алты ауызы...

ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен облыстық білім басқармалары басшыларының қатысуымен аппараттық жиын өтті. Жиынның күн тәртібінде өңірлердегі оқушылардың білім сапасын арттыру және инклюзивті білім беру мәселелері қаралды.

Жиын барысында аймақтардағы білім сапасының көрсеткіштері сарапталды. Министр өңірлер арасындағы алшақтықты атап өтіп, кейбір облыстардың артта қалуына қатысты сыни пікір білдірді. Өңірлік білім басқармаларының басшылары жаңа жобалар мен педагогтердің біліктілігін арттыру шаралары туралы баяндағанымен, ведомство басшысы «сандық көрсеткіштерді қуалауды» тоқтату қажеттігін қатаң ескертті.

«Өкінішке орай, аразында білім сапасын оқушының терең білімімен емес, атқарылған жобалардың санымен өлшейтін менеджерлер өлі де бар. Бізге қағаз жүзіндегі есеп емес, шәкірттің шынайы жетістігі мен білім деңгейінің өсуі қажет. Сол себепті, өңірлерде қалыптасқан жағдайды бүкпесіз айтып, оны шешудің жолдарын бірге іздестіруден ғана нәтиже болады», – деп атап өтті Жұлдыз Сүлейменова.

Мектептегі сапаға тікелей әсер ететін индикаторлардың бірі сала менеджерлерінің, білікті кадрлардың тапшылығы. Мектеп директорларының басқарушылық дағдыларының төмендігі білім жүйесінің сапасына тікелей әсер етуде. Оған қоса мектеп ішіндегі корпоративті мәде-

ЖҰЛДЫЗ СҮЛЕЙМЕНОВА: ЖОБАЛАР САНЫ ЕМЕС, САПА МЕН НӘТИЖЕ МАҢЫЗДЫ



ниеттің төмендеуіне әкеліп соғуда, мұндай мектептерде мұғалімдердің мазасы қашып, орталыққа хат жазуы жиілеп кеткен.

Қазір ел аумағындағы мектептерде 490 мектеп директоры лауазымы бос тұр. Мектеп басшылары әсіресе, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында жетіспей жатыр. 2025 жылы директорлыққа үміткерлердің тек 21%-ы ғана тестілеуден өткен. Сол себепті, жиында директорлар жетіспейтін өңірлерге білікті мамандарды басқа аймақтардан тарту мүмкіндіктерін қарастыру жайы айтылды.

Нақты ғылымдар бойынша педагогтердің жетіспеушілігі де оқуға айтарлықтай кедергі келтіруде. Педагогтердің едәуір бөлігі кәсіби бағалау шегінен өте алмауда, ал әдістемелік қызмет сапасы өңірлер бөлінісінде біркелкі емес. Педагогтердің білімін бағалау нәтижесінде мұғалім-

дердің 52,62 %-ы шекті деңгейден өтпеген. Төмен көрсеткіштер Түркістан, Жамбыл, Атырау, Ақтөбе және Ұлытау облыстарында айқын байқалады.

Өңірлердегі ақпараттық платформалардың әр алуандығы мен деректердің шашыраңқылығы да саланың тағы бір әлсіз тұсы. Бұл мәселені шешу үшін министрлік жүйелі шаралар қабылдауда. Барлық өңірлік платформалар біртіндеп ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Eser.kz жүйесіне интеграцияланады. Бұл шара деректердің ашықтығын қамтамасыз етіп, деректерді біріздендіруге көмектесетін болады және артық есептіліктен арылуға мүмкіндік береді.

Министрдің пікірінше инклюзия бұл жай ғана көрсеткіш үшін кабинет ашу емес, ерекше қажеттілігі бар баланың қоғамға бейімделуіне жасалған шынайы қолдау болуы тиіс. Сондықтан ведомство өңірлердегі инклюзия кабинеттерінің тиімділігін зерделейтін болады.

Жиын соңында Жұлдыз Сүлейменова өңірлік білім беру басқармаларының басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, орындалу мерзімін бекітті. Өңірлердің нақты қажеттіліктерін білу, сала менеджерлерімен ақылдасу алда маңызды стратегиялық әрі инфрақұрылымдық шешімдердің қабылдануына негіз болмақ



14 ЖАС ҒАЛЫМ ЖАҢА ПӘТЕР ИЕСІ АТАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылым саласын дамыту және жас зерттеушілерді қолдау жөніндегі тапсырмасына сәйкес 14 жас ғалымға пәтер сертификаты табысталды.

Аталған игі бастама дарынды жастарды ынталандыруға және олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған.

Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік стипендия лауреаттарын марапаттау рәсімінде Президент атынан жас ғалымдарға баспана сертификаттары салтанатты түрде табысталды.

Салтанатты жиында жас ғалымдардың отандық ғылымды дамытудағы еңбегі ерекше атап өтілді. Пәтер иесі атанған ғалымдардың зерттеу бағыты география, балық шаруашылығы, IT, физика, химия, ауыл шаруашылығы және өзге де салаларды қамтиды.

Солардың бірі – Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының аквакультура зертханасының ғылыми қызметкері Гүлдана Маратова. Жас ғалым өз сөзінде 12 жылдық еңбегінің нәтижесі жоғары бағаланып жатқанына қуанышты екенін жеткізді.

Пәтер сертификатына ие болған жас зерттеушілер ғылыми жобаларға қатысып, беделді басылымдарда еңбектерін жариялап, отандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлес қосып келеді.

БИЫЛ 90 МЕКТЕП САЛЫНУДА

ҚР Оқу-ағарту министрлігі апатты, ұшауысымды мектептердің мәселесін шешу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Биыл 47 мыңға жуық оқушы орнына арналған 90 жаңа мектеп салу жоспарлануда.

Жаңа оқушы орындарын пайдалануға беру Арнайы мемлекеттік қор қаражаты, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, жергілікті бюджет қаражаты мен жеке инвестициялар тарту есебінен жүзеге асырылады.

Жаңа мектептердің басым бөлігі Астана, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында салынууда. Қосымша химия, физика, биология, робототехника және STEM бағыттары бойынша 1000 заманауи пәндік кабинет жабдықталады.

Онымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бірыңғай заманауи мектеп инфрақұрылымы форматына көшу үшін 2029 жылға дейін 1300 мектепті, оның ішінде ауылдық жерлердегі 900 мектепті реновациялау жүзеге асырылуда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 209 мектепте жұмыстар аяқталды, ал биыл тағы 98 мектепте реновация жұмыстары жалғасуда.

Айта кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 236 мыңға жуық оқушы орнына арналған 162 мектептің құрылысы аяқталды.

Жалпы соңғы үш жылда 746 мың оқушы орнына арналған 584 мектеп пайдалануға берілді.

4 ЖАСТАҒЫ МАТЕМАТИКА ҒАЖАЙЫБЫ



Түркістан облысының Қазығұрт ауданындағы Алтынтөбе ауылында ерекше дарын иесі өсіп келеді. Небәрі 4 жастағы Әли Адамбек ойша екі және үш таңбалы сандарды есептеп, көбейту амалдарын ағылшын тілінде еркін орындайды. Бойы тақтаға өрең жетсе де, ойлау қабілеті ересектерді таңғалдыруда.

Зеректігімен көзге түскен Әлиді балабақша тәрбиешілері «үйретеріміз қалмады» деп, мектепке жіберген. Қазір ол дайындық сыныбында оқыса да, логикалық ойлау деңгейі жоғары сынып оқушыларымен тең. «Алтынтөбе» орта мектебінің мұғалімі Әлия

Миятбекованың айтуынша, Әли 5–6 сынып оқушылары шеше алмайтын күрделі есептерді олардан бұрын шығарып, көпшілікті таңғалдырып жүр.

Анасы Нүргүл Мырзағали ұлының ерекше қызығушылығын атап өтеді:

«Басқа балалар мультфильм көрсе, Әли ағылшын тіліндегі математикалық контенттерді көреді. Ұйықтар алдында ертегі емес, есеп шығаруды, көбейту кестесін айтуды сұрайды».

Әли математикамен ғана шектелмейді. Әліппені толық меңгерген ол енді ағылшын тілінде еркін жазуды мақсат етіп отыр. «Маған балабақша емес, мектеп қызық. Сабақ жазбағандар ұнамайды» деген сөзі оның білімге деген ерекше ынтасын айқын көрсетеді.

КЕДЕН БЕКЕТТЕРІ ЖАҢАРЫП, ШЕКАРА ӘЛЕУЕТІ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Түркістан облысында кеден бекеттерін жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Өңірлік мемлекеттік кірістер департаментінің құрылымында 8 кеден бекеті мен 2 бақылау-өткізу пункті бар. Олардың қатарында «Түркістан-КРО-Әуежай», «Тұран-АЭА» ішкі кеден бекеттері, «Қазығұрт», «Қаптанбек», «Б.Қонысбаев», «Атамекен» шекаралық автомобильді кеден бекеттері, «Сарыағаш стансасы», сондай-ақ «Жібек Жолы» кеден бекеті және Мақтаарал ауданындағы «Сырдария», «Целинный» бақылау-өткізу пунктері қызмет көрсетеді.

Стратегиялық маңызы бар нысандардағы құрылыс және инфрақұрылымдық жұмыстардың барысы облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында қаралды. Жиында кеден бекеттерінің қазіргі жағдайы, олардың сәулеттік келбеті, аумақтағы заңсыз нысандарды реттеу және қызмет сапасын арттыру мәселелері талқыланды.

Бүгінде бірқатар бекеттерде қайта құру және жаңғырту жұмыстары нәтижесін бере бастады. 2023 жылдың ақпан айынан бері «Атамекен» және «Қазығұрт» кеден бекеттерінде жолақ саны екіден алтыға дейін кеңейтіліп, аумағы екі есеге ұлғайтылды. Нәтижесінде әр бекеттің өткізу қабілеті тәулі-

гіне 1 мың автокөлік пен 10–12 мың адамға дейін артты. Ал 2022 жылдың желтоқсанынан бері жаңғыртудан өткен «Қаптанбек» бекетінің де мүмкіндігі айтарлықтай кеңейді.

Алдағы 2025–2026 жылдары «Жібек Жолы» кеден бекетінде толық қайта құру және техникалық жарақтандыру жұмыстары жүргізіледі. Осы кезеңде жолаушылар мен көлік ағынын қабылдау үшін «Қаптанбек» бекеті қайта іске қосылған. Жаңғыртылып жатқан нысандарға заманауи кедендік бақылау құралдары орнатылып, цифрлық шешімдер енгізілуде. Соның бірі – «DAX Cargo» бағдарламасы, ол пилоттық режимде іске қосылмақ.

Инфрақұрылымды дамыту да назардан тыс емес. «Қазығұрт» кеден бекетіне баратын жол бойында жүк көліктеріне арналған арнайы автотұрақ салынды. Сонымен қатар шекара маңындағы аумақтарды абаттандыру, жол қозғалысын реттеу және сервистік нысандар салу бойынша инвесторлар тартылуда.

Облыс әкімі кеден бекеттері өңірдің экономикалық қақпасы екенін атап өтіп, жаңғырту жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Хаттамалық тапсырмалардың орындалуы қатаң бақылауда болады.



ОТАНДЫҚ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Атамекен ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төралқа төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесті. Басқосуда өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялық жобаларды қолдау және бизнеске қолайлы институционалды орта қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Облыс әкімі өңірдің инвестициялық әлеуетіне тоқталып, шағын және орта бизнестің экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықтағы рөлін ерекше атап өтті. Бүгінде облыста 215 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Өңірде қайта өңдеу өнеркәсібін, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және инвестиция тарту бағытында нақты міндеттер айқындалған.

Кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау мақсатында индустриялық және арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылымы қарқынды дамытылуда. Шағын өндірістік парктер жобасы қолға алынып, дайын өндірістік ғимараттар жеңілдетілген шарттармен жалға беру немесе сатып алу мүмкіндігі ұсынылуда. Әкім «Атамекен» палатасымен өзара іс-қимылды күшейтіп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мен рәсімдерді жеңілдету бағытындағы жұмысты бірлесіп жалғастыру қажеттігін атап өтті.

Қанат Шарлапаев Түркістан облысының демографиялық және экономикалық әлеуетін жоғары бағалап, Палата тарапынан нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, артық өкімшілік кедергілерді азайту және өңірлік бизнестің мүддесін қорғау бағытында жүйелі жұмыс жүргізілетінін жеткізді. Оның айтуынша, өндіріс пен өңдеуді тежейтін нормалар қайта қаралуы тиіс.

Кездесуде кәсіпкерлер жиі кездесетін мәселелер – жер телімдері, инфрақұрылымға қосылу, рұқсат рәсімдері, тексерулер мен қаржыландыруға қолжетімділік – жан-жақты талқыланды. Инвестициялық жобаларды бірлесіп сүйемелдеудің нақты механизмін қалыптастыру ұсынылды.

Шағын бизнеске арналған жеңілдетілген қаржыландыру құралы іске қосылған. Мөл-

шерлемесі – 13,2 пайыз, қаржыландыру көлемі 200 млн теңгеге дейін. Республика бойынша бұл бағытқа шамамен 400 млрд теңге қарастырылған. Қаржы негізінен өндіріс пен өңдеу саласына бағытталады. Бұл тетік агроөңдеу, құрылыс материалдары өндірісі, тамақ және жеңіл өнеркәсібі дамып келе жатқан Түркістан өңірі үшін аса өзекті.

Аймақта жалпы аумағы 1 960 гектарды құрайтын 21 индустриялық аймақ бар, оның 12-сі соңғы екі жылда құрылған. Арнайы экономикалық аймақта 2 жаңа өнеркәсіптік қосалқы аймақ іске қосылды. Қазіргі таңда индустриялық және экономикалық аймақтарда құны 445,4 млрд теңге болатын 126 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Сонымен қатар 2026–2029 жылдарға жоспарланған 2,8 трлн теңгені құрайтын 111 жобадан тұратын пул қалыптастырылған. Өңірде 25 өндірістік парк құрылып, 45 ғимаратта 32 жоба іске қосылды.

Инвестициялық жобалардың орындалу барысы апта сайын инвестициялық штаб отырысында қаралып, өкімдік тарапынан әр жобаға жеке сүйемелдеу көрсетілуде. Кездесу қорытындысында өкімдік пен бизнес арасындағы тұрақты өрі нәтижелі диалогты жалғастыруға уағдаласты.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ол әділеттілік қағидаларын бұзып, заң үстемдігіне нұқсан келтіреді және халықтың мемлекетке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Сыбайлас жемқорлықтың басты себептерінің бірі – жеке мүддені қоғам мүддесінен жоғары қою. Қызметтік өкілеттілікті жеке пайда табу мақсатында пайдалану парақорлыққа, тамыр-таныстыққа, әділетсіз шешімдерге алып келеді. Мұндай жағдайлар білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет салаларында көрініс тауып, қарапайым азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеледі.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарып, алдын алу, түсіндіру және заң бұзушылықтарды анықтау шараларын жүзеге асырады. Сонымен қатар, түрлі бағдарламалар қабылданып, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен есептілігін арттыруға баса назар аударылуда.

Дегенмен, заңдар мен қатаң бақылау жеткіліксіз. Ең алдымен, әр азаматтың санасы өзгеруі керек. Адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтар қоғамда берік орныққанда ғана жемқорлық деңгейі төмендейді. Жастарды тәрбиелеуде де адал еңбек пен парасаттылық қағидаларын насихаттау аса маңызды.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуын тежейтін қауіпті індет. Онымен күресу үшін мемлекет пен халық бірлесіп әрекет етуі қажет. Әрбір адам заңды құрметтеп, әділдік жолын таңдаса, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз.

Әлия НАУШАБАЕВА,

Шымкент қаласы
Еңбекші ауданы бойынша
МКБ бас маманы

ЖОҒАРЫ ӨНІМ - СУ ҮНЕМДЕЙТІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Түркістан облысында су үнемдеу технологиялары кезек-кезеңімен енгізіліп, нақты нәтиже беруде. Бұл жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тікелей бақылауында.

2025 жылы «Таймас-2024» ЖШС Отырар ауданындағы Қарғалы ауыл округінде 400 гектар алқапқа күрішті алғаш рет тамшылатып суғару әдісімен егіп, әр гектардан орта есеппен 50 центнер өнім алды. 2026 жылы бұл тәжірибе тағы 200 гектарға кеңейтіледі. Айта кетерлігі, елімізде күріш пилоттық негізде тұңғыш рет дәл осы тәсілмен егілді. Дәстүрлі әдісте 1 гектарға 26 мың текше метрге дейін су жұмсалса, жаңа технология арқылы бұл көлем 15 мың текше метрге дейін азайды. Яғни, су шығыны екі есеге жуық қысқарып, су ресурстарын тиімді пайдалану мүмкіндігі артты.

Сонымен қатар, ылғалсүйгіш мақта дақылында да жаңа тәсілдер белсенді енгізілуде. 2024 жылы мақта 105,2 мың гектарға дәстүрлі әдіспен, 1,2 мың гектарға жаңа технологиямен егілсе, 2025 жылы жаңа технология көлемі 52,2 мың гектарға дейін ұлғайды. Нәтижесінде гектарына 60 центнерге дейін өнім алынып, 89,3 млн текше метр су үнемделді. 2026 жылы бұл көрсеткішті 87 мың гектарға жеткізу жоспарланып отыр.



Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.

БЕРІК УӘЛИ: ӨҢІРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

– Өзіңіз айтқандай, Семей облысы тарағаннан кейінгі 25 жылда әр салада мәселелердің қордаланып, ұлылар туған қастерлі өлке өзіне тиесілі еншісінен қағылып, көш соңында қалғаны жасырын емес. Бір ғана ресми дерек келтірейін. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың қорытындысына сай өңірлік стандарттар жүйесі бойынша объектілермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі 64,1 пайызды құрады. Ал Абай облысында бұл көрсеткіш республикада ең төмен деңгейде. Өңірдің инфрақұрылыммен қамтылуы 56,3 пайыз болып отыр. Жақында Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы осы мәселеге ерекше назар аударып: «Өсіресе жаңадан құрылған Абай және Ұлытау облыстарында инфрақұрылым жеткіліксіз. Алматы облысында да ахуал мәз емес. Бұл аймақтардың дамуына айрықша назар аудару қажет», деп жаңадан құрылған облыстарға нақты қолдау көрсету қажеттігін айтты. Әрине, өңірдегі ұзақ жыл бойы қордаланған мәселелерді шешу үшін уақыт пен тиісті қолдау қажет. Абай облысы Президент пен Үкімет тарапынан нақты қолдауды анық сезініп отыр.

Облысымыздың ширек ғасырдан кейін қайта ашылып, тарихи әділеттіліктің салтанат құруы – тікелей Мемлекет басшысының қамқорлығы екені баршаға белгілі. Қазір өңіріміздегі өзекті мәселелер біртіндеп шешімін тауып, экономикада тұрақты өсім байқалып, тұрғындардың әл-ауқаты жақсарып келеді. Мысалы, былтырғы 9 айдың қорытындысында Абай облысының жалпы өңірлік өнімі 101,5 пайызды құрап, 2 трлн 385,8 млрд теңгеге жетті. Былтыр өңір экономикасының 12 негізгі көрсеткішінің 10-ында өсім қамтамасыз етілді. Ауыл шаруашылығы – 101,1 пайыз, өңдеу өнеркәсібі – 102,9, ішкі сауда – 103,5, тұрғын үйді пайдалануға беру – 105,8, байланыс – 106, құрылыс – 106,2, инвестициялар – 106,8, көлік саласы 125,9 пайызға орындалды. Өткен жылы мемлекеттік бюджетке Абай облысынан 648,7 млрд теңге салық түсті, бұл – 2024 жылмен салыстырғанда 135,5 пайызға артық. Меншікті кірістердің өсу қарқыны бойынша облыс республикада екінші орында тұр.

– Былтыр 17 мамырда өңірдің алдағы даму жоспарын жария еттіңіз. Сол кезде Семей қала-



сында «Smart City» атты жаңа шағын ауданның салынаатынын айттыңыз. Құрылыс басталды ма?

– Семей қаласының тарихи орталығының инфрақұрылымы әбден ескірген. Осыны ескере отырып, жаңа өкімшілік-іскерлік орталық салу мақсатында жаңа аудан құру туралы шешім шығардық. Қазіргі уақытта жаңа ауданның даму тұжырымдамасы әзірленіп, оның аясында қаланың бас жоспарын түзету әрі егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу жұмысы жүргізілуде. Аталған жоба Семей қаласының солтүстік бөлігінде, жалпы көлемі 1200 гектардан астам бос аумақта жүзеге асырылады. Мұнда 75 мың тұрғынға арналған заманауи тұрғын үй кешендері, 40-тан астам өкімшілік, коммерциялық және әлеуметтік нысандар салынады.

Облысымызда Мемлекет басшысының қолдауымен Абайдың 180 жылдығына орай «Абайға құрмет» республикалық акциясы басталғаны белгілі. Бүгінде облыс өкімдігі акция аясындағы жобаларды жүзеге асыру бойынша өңірлермен белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Акцияны алғашқылардың бірі болып Маңғыстау облысы қолдап, Достық үйінің құрылысын бастады. Түркістан облысы көрме орталығын, Қызылорда облысы «Анаға тағзым» ғимаратын, Атырау облысы «Абай әлемі» орталығын, Солтүстік Қазақстан облысы Мемлекеттік рәміздер алаңын, Ақтөбе

облысы Жекпе-жек сарайын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Қарағанды облысы ботаникалық бақ, Батыс Қазақстан облысы желілік саябақ, Қостанай облысы руханият орталығын, Алматы қаласы медиаорталық, Астана қаласы «Келешек» мектебін салып берсе, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс өзені жағалауын абаттандырады. Рәміздер алаңы Бейбітшілік аралында, Жекпе-жек сарайы қаланың сол жағалауында, Заря шағын ауданында бой көтереді. Шымкент қаласы шығармашылық орталығымен қатар Семей қаласының Водный кентіне Мәдениет үйін сыйға тартпақ. Осылайша, «Абайға құрмет» акциясы аясында жаңа шағын ауданның ғана емес, облыс орталығының әр аумағы абаттандырылып, жаңа кейіпке енеді. Акцияны ірі инвесторлар да қолдап отырғанын ілтипатпен айта кеткен жөн. Атап айтсақ, «KAZ Minerals» компаниялар тобы жаңа шағын ауданда 25 мың көрерменге арналған жаңа стадион құрылысын бастап кетті. Бұдан бөлек, жеке қоғамдық қордың есебінен 5 мың адамға арналған жаңа мешіттің іргетасы қаланды. Осы бағыт бойынша басқа да ірі инвесторлармен, іргелі компаниялармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

– Абай облысында инвестор тарту бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын байқаймыз. Бұл ретте өзіңіздің бастамаңызбен қолға алынған «Туған жерге туыңды тік» жо-

басының жөні бөлек. Жоба аясында бүгінге дейін қандай жұмыстар жүзеге асырылды?

– Былтыр маусым айында Семейде «Туған жерге туыңды тік» инвестициялық форумы өткізгенде 500-ге жуық кәсіпкер жиналды. Маңызды шара аясында жалпы қаржысы 336 млрд теңгені құрайтын 15 меморандумға қол қойылды. Форумның алғашқы нақты нәтижесі – былтыр Семейде Жаңа жыл қарсаңында ашылған «Pana Unique Semey» бес жұлдызды қонақүй-мейрамхана кешені. Жобаның жалпы құны – 5,7 млрд теңге, 105 жаңа жұмыс орны құрылды. Мұндай қонақүй қаламызда бұрын-соңды болған емес. Форум аясындағы келісімдерге сәйкес іске асырылып жатқан ауқымды жобалардың бірі – заманауи ет комбинаты. Қазір Жаңасемей ауданында қуаттылығы жылына 11 400 тонна ет және ет өнімдерін терең өңдейтін өндірістік кешеннің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ағайынды Сайлау және Ерлан Мұқашевтер жетекшілік ететін «Eurasia Agro Semey» ЖШС жүзеге асырып жатқан жоба өңірдің ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өнеркәсібін дамытуға тың серпін бермек. Жобаның жалпы құны – 7,7 млрд теңге. Өндірістік кешенді биыл тамыз айында іске қосу жоспарланып отыр. Сондай-ақ «Qazaq Astyq Group» компаниясы қазіргі уақытта Семейде күнбағыс майын тазарту, құю және қаптау цехын салып жатыр. Жоба құны – 7,1 млрд теңге, 100-ден астам жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

Өңірде инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Осының нәтижесінде 2025 жылы іске асырылған жобалар саны 29-дан 101-ге дейін артты. Жыл қорытындысында жалпы құны 24,1 млрд теңге болатын 15 инвестициялық жоба іске қосылып, 391 жаңа жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар құны 605,5 млрд теңге болатын 48 жобадан тұратын өңірлік инвестициялық пул қалыптастырылды. Былтыр облысқа инвестиция тарту мақсатында 100-ден астам шетелдік инвесторлармен кездестім. Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Үлкен Алтай» халықаралық субөңірлік конференциясы аясында Қытай Халық Республикасының ірі компанияларымен жалпы құны 1,5 млрд долларды құрайтын 15 меморандумға қол қойылды.

Индустриялық инфрақұрылымды дамыту бағытында да тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. Семей қаласындағы аумағы 96 гектарды құрайтын «Өндіріс» индустриялық аймағын 190 гектарға дейін кеңейтіп, шағын өнеркәсіп паркін құру жұмысы қолға алынып жатыр.

– Өңірдегі құрылысы тоқтап тұрған немесе мүлде баяулап қалған нысандарға жан бітіп, оның бірқатары іске қосылғанын білеміз. Нақты қандай ғимараттар толық аяқталып, елігілігіне берілді?

– Былтыр желтоқсан айында Семейде 500 балаға шақталған, ауысыммен 1500 оқушыға дейін қабылдай алатын Оқушылар сарайы ашылды. Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен құрылысы басталған жаңа Оқушылар сарайы – Абай облысы құрылғалы бері салынып біткен тұңғыш әлеуметтік нысан. 2023 жылы басталған бұл жоба Премьер-министрдің 2024–2026 жылдарға арналған жол картасына енгізілген. Алайда қаржылық қиындықтарға байланысты құрылысы тоқтап қалған болатын. Былтыр Үкіметтің қолдауымен 7,6 млрд теңге қаржы бөлініп, оқушылардың игілігіне беріліп, еліміздегі 10-ыншы Оқушылар сарайы болды.



КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛІП КЕЛЕДІ

2025 жылы шекара шебіндегі Мақаншы ауданының орталығы Мақаншы ауылындағы дәрігерлік амбулаторияны аштық. Жергілікті халыққа аса қажет нысан құрылысы 27 жылдан астам уақыт аяқталмай, «сақалды құрылысқа» айналған болатын. Жоба республикалық «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

– Әр өңірдің өзіне тән экономикалық, туристік және әлеуметтік ерекшеліктері, яғни имиджі болады. Сіз Абай облысының негізгі ерекшелігі мен бәсекелестік артықшылығын қалай сипаттар едіңіз? Осы ерекшелікке сай облысты қалай дамытуға болады? Туристік әлеуетін қалай арттырған дұрыс деп ойлайсыз?

– Абай облысы мен Семей қаласының негізгі имиджі – Алаш. Бұл жер – күллі қазақ даласына сәуле шашқан ұлылар мекені. Барша өркениет жаңалығы болған тұңғыштардың бастау алған жері. Қазақтың алғашқы театр қойылымының негізі осы өңірде қойылуы, алғашқы кәсіби әнші Әміре Қашаубаевтың дүниеге келуі, алғашқы баспаның ашылуы, тұңғыш футбол клубының осында құрылуы, алғашқы телеграф, алғашқы банктің, тіпті, алғашқы цирктің де осында басталуы бәрі де – құтты мекеніміздің прогресс отаны екенінің айғағы. «Алғашқы театр қойылымы» деп айттық қой. Театр дегеннен шығады, Семей қаласында 45 жылдан бері бірде-бір жаңа мәдени ошақ салынбаған екен. 1981 жылы салынған ғимарат – Абай театры. Бүгінде мұнда үш бірдей ұжым жұмыс істеп отыр. Алдағы уақытта Семейде Президенттің тікелей қолдауымен жаңа драма театр салынады. Мемлекет

мақсатында 2026–2028 жылдар аралығында жалпы құны 77,3 млрд теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба іске асырылады. Аталған жобалар ішкі нарықты сапалы, табиғи әрі жергілікті өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Ауыл шаруашылығы – маңызды сала. Жақында әлеуметтік желідегі парақшаңызда «Облысымызда ауылды дамыту, көтеруге «Қаладан – ауылға» атты жаңа қанатқақты жоба, кешенді бағдарлама бастауды жоспарлап отырмыз» деген едіңіз...

– Бұл жобаның мақсаты – алтын бесік ауылды түлету, өңір тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту. Бағдарлама аясында қаладан ауылға көшкісі келетін азаматтарға нақты көмек көрсетіледі. Шетелден қоныс аударғысы келетін қандастарымызды да құшақ жая қарсы аламыз. Жалпы, Үкімет тарапынан ауыл халқына бағытталған барлық бағдарламаның басын қосып және Абай облысы әкімдігі тарапынан ауылға көшіп келемін деушілерге көрсетілетін қолдауларды жинақтап, «Қаладан – ауылға» атты жаңа жобаны елдің назарына ұсынғалы отырмыз. Бұл қанатқақты жоба арқылы ауылға қоныс аударушыларға бизнес жүргізуге, баспаналы болуға, мал алуға әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несие беріледі.

– Ауыл туралы сөз қозғайды қой. Өзіңіздің ауылдарды жиі аралайтыныңызды жақсы білеміз. Былтыр 161 күніңізді аудандарда өткізген екенсіз. Өңірдегі ауылдардың өзекті мәселесі қалай шешіліп жатыр?

спорт модулі ашылды. Қазір Курчатова қаласында денешынықтыру-сауықтыру кешені, Аягөзде спорт кешені, Абай ауданының Саржал, Көкбай ауылдарында, Жарма ауданының Жаңғызтөбе ауылында, Бесқарағай ауданының Ерназар ауылында, Ақсуат ауданының Ойшілік ауылында спорттық модульдердің, Шар қаласында, Бесқарағай ауданының Бесқарағай ауылында, Жарма ауданының Қалбатау ауылында жүзу бассейндері салынып жатыр.

– Облыстың денсаулық сақтау саласында да қордаланған мәселе аз емес. Ауруханалар жетпейді, барының өзі ескірген. Осы түйткілдердің түйіні қашан шешілетін?

– Бұл салада мәселе көп екенін жасырмаймыз. Оны ашық айтып та жүрміз. Жыл басында, қаңтар айының соңында Семей қаласындағы облыстық жедел медициналық жәрдем стансасына 10 санитарлық автокөліктің кілтін салтанатты түрде табыстадық. Бұл нысан қазіргі таңда санитарлық автокөліктермен толық қамтамасыз етілген. Алайда техникалардың жалпы тозу деңгейі 90 пайыздан асады. Осы мәселені шешу үшін былтыр «Абай облысы медициналық ұйымдары үшін санитарлық автокөлік сатып алу» жобасы шеңберінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, облыстық бюджет қаражаты есебінен лизингтік қаржыландыру арқылы Hyundai, JAC және «Газель» маркалы 100 санитарлық автокөліктер сатып алынды. Оның ішінде 67 автокөлік облыстық жедел медициналық жәрдем стансасына, 33 автокөлік аудандағы медициналық ұйымдарға беріледі. Жаңа көліктерді биылғы қыркүйек



басшысы мұны Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда ерекше атап өтті.

Облысымыздың тағы бір ерекшелігі – ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға қолайлылығы. Абай облысында кезінде қой шаруашылығы алдыңғы қатарда болды. Тарихи қалыптасқан қой шаруашылығының әлеуетін толық пайдалану мақсатында Абай облысының 2026–2030 жылдарға арналған салалық бағдарламасын әзірлеп жатырмыз.

2025 жылы облыстың ауыл шаруашылығы саласына тартылған тікелей инвестициялар көлемі 45,2 пайызға өсіп, 63 млрд теңгеге жетті. Өңірде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

– Ауылдарды жиі аралайтыным рас. Аралағанда шалғайдағы елді мекендерге арнайы барамын. Ауылдарды аралағанның пайдасы – ел-жұртпен тікелей бетпе-бет сөйлесіп, мәселені өз көзіңмен көресің.

Енді сұрағыңызға келсек, облыста ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Былтыр Көкпекті ауданының Көкпекті ауылында жүзу бассейні, Бородулиха ауданының Петропавловка ауылында спорттық сауықтыру орталығы, Жаңасемей ауданының Алғабас ауылында спорт кешені, Мақаншы ауданының Қарабұлақ ауылында және Үржар ауданының Жанай ауылында

айына дейін табыстайтын боламыз. Мұндай жаңа көліктер облысымызға 2020 жылы алынған екен. Яғни бес жарым жылдан бері осы салаға жаңа көліктер алынбаған. Өңірдің денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жалпы, 2025 жылы облыстың денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға 6 жарым млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет.

**Өңгімелескен –
Бақытбек ҚАДЫР,**

«Egemen Qazaqstan», 17.02.2026 ж.

«ҚАНЫШ ӘЛЕМІ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы аясында Сәтбаев университетінде «Қаныш әлемі» орталығының ашылу салтанаты өтті. Орталық Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми мұрасын көпшілікке таныту мақсатында кітапханалық қорларды, архивтік материалдарды, ғалымның жеке заттарын және заманауи цифрлық құралдармен толықтырылған.

Кеңістік зерттеушілерге, студенттерге, оқушылар мен кең жұртшылыққа арналған бірыңғай интеграциялық алаң ретінде құрылып, алғашқы дереккөздермен және білім беру материалдарымен қолма-қол бір кеңістікте жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Орталық келушілеріне «Қаныш әлемі» порталына, «Satpaev AI» қосымшасына, кітапханалық ресурстарға, бейнедәрістер мен архивтік материалдарға қол жеткізу ыңғайлы түрде ұсынылған. Бұл ресурстар жүйелі түрде жаңартылып, толықтырылып отырады. Болашақта «Қаныш әлемі» платформасы Сәтбаев есімімен байланысты мектептердің, музейлердің, кітапханалар, институттар мен ғылыми орталықтардың қорларын біріктіретін бірыңғай білім орталығы ретінде дамиды.

«Қаныш әлемі» порталы мен сайтында Қаныш Сәтбаевтың іргелі 10 томдық шығармалар жинағы, сондай-ақ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен бірлескен жоба аясында дайындалған академиялық еңбектерінің толық 5 томдық жинағы орналастырылған. Бұл материалдар негізгі дереккөздерге жүйелі қолжетімділікті қамтамасыз етіп, оларды оқу және ғылыми жұмыс барысында пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Орталықтың цифрлық экожүйесінің негізгі элементтерінің бірі – геология мамандығының студенттері әзірлеген «Satbayev AI» қосымшасы. Қосымша жарияланған материалдарды біріктіріп, дереккөздермен жұмыс істеу үшін навигация құралы ретінде қызмет атқарады, әрі оқу және зерттеу жұмыстарын қолдайды.

Орталықтың ашылу салтанаты Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған республикалық іс-шаралар жоспары аясында өтті және Сәтбаев университетінің профессоры Бақытжан Амралинованың жетекшілігімен жүргізілген «Академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми-мәдени мұрасын зерттеу – Қазақстанның ғылыми мектептерін дамыту жолы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын іске асыру нәтижесінде жүзеге асты. Бұл жоба ғалымның мұрасын жүйелі түрде зерттеуге, сақтауға және насихаттауға, сондай-ақ білім беру мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында дереккөздерге қолжетімділікті кеңейтуге бағытталған.

Зілді әзіл...

Мақтаудың машақаты

Бір танысым 70 жылдық мерейтойын өткізбек болды да, сонда айтатын құттықтау сөзіме дайындала бастадым. Өзі елге белгілі азамат. Атақ-даңқын тізбелемей-ақ қояйын. Атақ деген — құжатпен бекітілетін марапат, оның несіне тоқталамын деп ойладым. Қайсыбір мерейтойларда бұрын да мақтау-мадақ сөздерді айтып жүргенмін ғой. Бірақ бұл жолғы мақтауым соларға ұқсамаса екен деп тіледім.

Былай бастадым:

Сәкең — өнерде орны бар тұлға. Қарапайым азамат. Еңбекқор. Бауыр-мал. Жастарға өнеге...

Бізде шығармашылық адамдарының алғашқы жазғанын әйелдеріне оқып беретін әдеті бар. Сондықтан «алғашқы сыншымыз — әйелдеріміз» деп отырады. Кейін «ағаң былай деген еді» деп жеңгелеріміздің еске алуы да содан болса керек.

Мен де Сәкең туралы мақтауымды әйеліме оқып беріп:

— Қалай? — деп едім, ас үйде жүрген Сәуле:

— Әй, бұл сөздерді Мәкеңнің 60 жылдығында айтып қойғансың, — деп шап ете түсті.

— Былай болса ше?

— Қалай?

— Момын. Салмақты. Көреген десем...

— Оны Жәкеңнің 65 жылдығында айтқансың!

— Сыр мінез, сыпайы десем ше?

— Төкеңнің тойында айтқансың.

Айтатын деген сөздерімді ойласам, расында, сөздік қорымда мақтаулардан дым қалмапты. Сөздердің орнын ауыстырып та көрдім: «сырбаз», «сыралғы» дегеннің орнына «турашыл» дегенді жаздым.

— Енді қалай? — деп едім.

— Бәрібір ұнамайды, — деді.

— Несі ұнамайды?

— Бәрі де жаттанды, құрғақ сөз! Сен былай етсеңші, — деді ол.

— Қалай?

— Мақтауларың әлі ешкім естімеген, кісіні селт еткізер мазмұнда болсын.

— Басқа стильде мақта дейсің ғой, ә?

— Иә, — деді әйелім.

«Стиль» десе құлағын түріп отыратын ағайындардың бар екенін білемін. Сондықтан мақтауымның өзіндік қолтаңбасы болса екен деп іздендім. Ақыры таптым!

Ағамызды «ақкөңіл» деп қысқа қайырмай, «Мәкең бала сияқты: не айтып, нені меңзегені сонау ішкі сарайынан көрініп тұрады, сыр жасырмайды» деп ұзағынан қайырдым.

Ал «салмақты» деген мақтауымды «мінезі байсалды, кесіп-пішіп бір-ақ айтады, әр нәрсеге байыппен қарайды» деп құйқылжыттым. Қысқасы, әр сөзімді жай атау күйінде қалдырмай, сөйлемге айналдырып барып мақтадым.

Осыны әйелім Сәулеге оқып беріп едім:—

Құттықтаймын! Табылған мақтау! — деп қуанып кетті.

— Ұялмаймын ба?

— Ұялмайсың!

— Өзге мақтауларға ұқсамай ма?

— Ұқсамайды.

Басқа емес, әйелімнің оң бағасын алған соң, Абекеңнің, Дәкеңнің мерейтойларында керек болар деп «Дарабоз», «Қарапайым», «Жаны жұмсақ» деген мақтауларымды алфавит бойынша бөліп, үйіп тастадым.

Енді қиналмаймын: шақырса болды, мерейтой иесінің атын атаймын да, дайын тұрған мақтауларымды судыратып айтып бере саламын.

Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРУЛЫ.

Арестегі әйел

Шаригат бойынша мұсылман ер-азаматтарына төрт әйелге дейін алуға рұқсат етілгендіктен, елімізде бір мезетте әйел «аулау» науқаны басталып кеткендей болды.

Барлығы да бұрынғы әйелдеріне қарама-қарсы бітімді нәзік жандыларды жолықтыруға тырысты. Балтыры жіңішкелері балтыры толығын, аяғы қисықтары түзуін іздесті. Менің бауырларым да мінезіне келгенде не тапқырлық танытпады десеңші: ер адамдарда жиі кездесе беретін сансыз сылтауларды айтып, кей реттерде үйіне түнемей қалса да көз жұма қарайтындарын ұстап алмақ болды.

Дүрмекке ілесіп, мен де біреуін таңдағанмын ғой!

Сан жағынан алғанда, бұл менің үшінші әйелім болатын. Кейін білдім, сорыма қарай, осы әйелім аресте болып шықты. Алайда мен оған аса тантана қойған жоқпын. Қуанышы аз, ескі тоқымдай алба-жұлба құраудан тұратын өз тағдырымда не болмады дейсіз — бәрі де болды!

Негізі, біздің құрметті БТИ қызметкерлері мүлік біткеннің бәрін жылжитын және жылжымайтын деп екіге бөліп жүр ғой. Ал менің әйелім сарай не бітпеген құрылыс емес, адам санатындағы перизат болғандықтан, қаржыдан қысылған бұрынғы сормаңдайы оны арестке қойса, қойған-ақ шығар деп ойладым.

Әрине, ол үшін мен оның бұрынғы күйеуі неліктен арестке қойғанын, қаншаға бағалағанын және қай банкте есепте тұрғанын білуім керек болатын. Мүмкін, мүлде тұрмаған да шығар. Ондай жағдайда архивтен анықтағаным жөн сияқты. Көңіл-күйім болмаса да, тездетіп АХАЖ бөліміне телефон шала қойдым.

(Бізде ол мекеме Азаматтардың хал актілерін жазу бөлімі деп аталады.)

— Алло, бұл АХАЖ ба?

Арғы жақтан дауыс естілді:

— Иә!

— Мен Тәттігүл Тәттімованың не себепті аресте тұрғанын білейін деп едім.

— Сіз кім боласыз?

— Үшінші күйеуімін.

Анығын айтқанда, ол менің үшінші әйелім. Оқыс сұрақтан абдырап қалып, алғашқы жауабым осылай шашыраңқы шықты.

АХАЖ өкілінің сөзіне қарағанда, әйелімнің қай банкте тұрғанын білу үшін оның менің әйелім екендігін растайтын құжат, бұрынғы тұрғылықты жерінен есептен шығып, қайта тіркеуге тұрғаны- тұрмағаны және менің үй кітабыма жазылғаны туралы мәлімет керек екен.

Оны іске асыру үшін біз аудандық юстициядан қатынас қағаз алып, жергілікті өкімшілікке өкеліп бердік. Өкімшілік оны қабылдап алып, әйелім қайта арыз жазды. Олар үш қағаз беріп, оны паспорттық столға тапсырды. Паспорттық стол көшірмесін өздерінде қалдырып, жергілікті өкімшілікке қағаз жазып берді. Сосын ауыл өкімшілігі кітапқа енгізіп, «тұрғылықты жеріне тіркелген» деп әйеліме анықтама жазып берді. Осының бәрін істедік қой.

Сондықтан арестке қойылған ер-кетотайымның мәселесіне белсене кірістім.

— Алло, бұл орталық банк пе?

— Иә!

— Әйелімнің не себепті аресте тұрғанын білейін деп едім.

— Сіз не, әзілдеп тұрсыз ба?

— Шынымен-ақ сұрап тұрмын!

— Менің сіздей бос көпірмені тыңдағым келмейді.

— Менің де сізді ұнатып тұрғаным шамалы.

Кенет банк өкілінің дауысы ойнақы да көңілді шыға бастады. Шамасы, арестке қойылған әйелімді жай әзілдеп, машинаға теңеп айтып тұр деп ойлаған болуы керек.

— Әй, қазақтың жігіттері-ай! Қашанда әзілдескендеріңді қоймайсыңдар. Ал, жарайды, сұрай беріңіз, — деді.

— Әйелімді қаншаға бағаладыңыздар?

— Ол жылына байланысты.

— Жылы 85 қой, — дедім енгітімді баса алмай.

— Ескі екен!

— Маркасы ше?

— Көдімгі ауылдың қызы ғой.

Арғы жақтан күлген дауыс естілді.

— Түсі қандай?

— Аппақ!

Өтірік мақтап қайтейін, менің үшінші әйелім шынында да аппақ қардай, келісті, сүйкімді еді. Анау болса қайта сұрады:

— Мінгеніңізге... то есть, пайдаланғаныңызға қанша жыл болды?

Мен осы арада ашудан тұтығып, сөйлей алмай қалдым. Телефонның арғы жағындағы әлгі кербез дәл қазір жанымда болса, не істерімді өзім де білмес едім.

— Мінгені несі?! О, Құдай-ау, тым болмаса «тұрмыс құрғанына қанша болды?» деп неге сұрамайды? Ол — адам ғой! Адам болғанда да көп ішінен таңдап алған үшінші жарым!

Жаным шегіне жеткенде айтылатын сөздерімді қайталап, «Жаратқан осындайда өлшеусіз пенделерді жарата береді екен-ау» деп ойладым.

Банк өкілі болса:

— Білем, білем, жігітім. Сендер, еркектер, машинаны әйелден артық санайсыңдар. Машина да керек зат.

Бірақ уақытылы есеп айырыспаған жағдайда ол жылжитын мүлік есебінде бағаланып, сатылып кетуі де мүмкін, — деді.

— Иә, иә! Әрине, жылжитын мүлік! Мүлік болғанда да төрт мүшесі сау өзімнің үшінші әйелім емес пе?! — деп, столды тоқпақтап, мен оны қостай жөнелдім.

— Төрт дөңгелегі деңіз.

— Жарайды, солай-ақ болсыншы.

— Мен сізбен ойнап тұрған жоқпын. Кекетпей сөйлеңіз.

— Менің де сізбен билегім келіп тұрған жоқ! — дедім тұла бойым дірілдеп.

— Айта қойыңызшы, әйелімнің аресте тұрғаны рас болса, өсім сомасы қанша пайызға артты екен?

— Қарап көреміз. Берешегіңіз тым көбейіп кетсе, машинаңызды банк есебіне аударуыңызға тура келеді, — деді ол.

Бұл менің ең бір естігім келмейтін сөзім болатын. Сол себепті:

— Жоқ! Оған жол бере алмаймын! Мен үшінші әйелімді банк қаншаға бағаласа да, төлеуге дайынмын! Ала алмайсыздар! — деп қатты айқайлап жібердім.

Дауысым жан даусымен айқайлаған адамдай ащы шықса керек. Ояна кеткен өзім де соны байқап қалдым. Көзімді уқалап, атып тұрсам — түсім екен!

Екі бүйірін таянған бөйбішем үстімнен төне қарап тұр. Иінінен дем алып, дір-дір етеді. Соған қарағанда, біраз нәрсені былықтырсам керек. «Әй...» деуге шамам келер емес.

Кейде түстің өңіңіздей айнақатесіз орындалатын сәттері болады, Құдай-ай!

Тек әйеліңізді арестке қоймасаңыз болды, ә!

Сатылған шенеуніктер

Қазір бизнестің түрі көп. Біреу шағын кәсіп ашады, енді бірі егіншілікпен айналысып, гектарынан пәлен тонна өнім алып жатады. Мен де өз бизнесімді бастамақ болдым. Әр тойдан бес-алты мың доллар табатын өнші емеспін ғой.

Адам талаптанса, бәрі болады екен. Бизнесімнің құпиясы мынада: той жасағанда той иесінің өсіп-өнген-өнбегенін, жекжаттарының қызмет-лауазымын саусақ бүгіп санап отырамыз. Ал ішінде айтарлықтай шенділері болмаса: «Пәленшенің тойы дейсіз бе? Е, өтті ғой әйтеуір», — деп қол сілтей саламыз.

Әлеуметтік айырмашылық па? Айырмашылық! Нарықтың заңы қызық: «Ешкім жасамағанды жаса», — дейді. Тап осы тұстан саңылау тауып, бизнесімді бастап кеттім.

Ол былай:

Шенді шенеуніктерді жұмыстан кейін сағатына төлеп «сатып аламын» да, жекжаттары қарапайым — шофер, сантехник немесе базарда арба итеруші болып келетін той иесіне той өткенше «туысы» болып отыруға жіберемін. Қалай келісеміз — ол жолдаушы ретінде маған байланысты.

Пайдам сағатына төленетін ақшаның үстеме пайызына байланысты емес пе?

Айталық, той иесі жоқ-жітік, жұтаңдау болса, бір мекемедегі кішігірім шенеунік пен кешке қарай қызмет көлігімен қайда барарын білмей жүрген майор не сержантты сағатына келісіп ала қоямын. Қызығы сол — қызметі төмендеу шенеуніктер айтқанына тез келіседі. Ал той жасаушының жағдайы жақсы, дастарханы мол болса, керісінше, лауазымы жоғарырақ шенділерді «сатып» алуға тырысамын. Өз пайдамды да ойлаймын ғой.

Сіздер бәрі оңай өтеді екен деп ойламаңыздар. Бізде атақ-абырой іздеген адамдар көп. Кейбірі өз туыстарын менсінбей, төрінде одан да жоғары лауазымды кісілердің отырғанын қалайды.

Бір тойда солай болды. Той иесі келінді солтүстік өңірден алған екен. «Тойым төрт құбыласы сай, дүрілдеп өтсін», — деді. Барымды салып кірістім. Кімдерді «сатып алғаным» дұрыс? Тізімді той иесіне көрсетіп едім, ол:

— Жеке сот орындаушысы мен салық агентін сызып тастаңыз, қалғандары болады, — деді.

Той жасаушының әлгі азаматтарды ұнатпайтынын қайдан білейін? Менің мақсатым — тойы абыройлы өтсін дегендік қой.

Сонымен:

«Бөлесі» болып бір облыстық департаменттің қылмысты анықтау бөлімінің басшысы — полковник мырза отыратын болды.

«Жиені» болып қалалық жер бөлімінің басшысын сатып алдым.

«Түп нағашысы» — өкесінің кейінгі шешесінің ағасының баласы, яғни бір мекеме басшысының үшінші орынбасары болады деп келістік. Бұл лауазым иесі «нағашы» болуға алғашында келіспей еді, сұрағанын беріп жүріп, өзгер көндірдім.

Қосымша керек болар деп, қабылдауына мұғалімдерді бір-бірлеп кіргізіп, хатшысын жиі шақыртатын білім бөлімінің басшысымен де келісім жасадым. Әрине, келісім жұмыстан кейін орындалатын болды.

Енді қалай өтті дейсіздер ме?

Солтүстіктегі құдалар менің шенділерді сағатына келісіп «сатып алғанымды» қайдан білсін? Оңтүстіктегі құдаларымыз «құдаларың тіреп тұр екен» деп мазаттанып отырды. Біз де риза. Сағатымен келген шенді шенеуніктер де риза.

«Екі жас бақытты болсын!», «Күйеу — жүз жылдық, құда — мың жылдық!» деп тост айтып, ішіп-жеп кету оларға не тұрады?

Ең керекті — лауазым иелері жұмыстан кейін де ақша тауып, жемқорлық деген пәле құритындай көрінді.

Бизнесім де өрлей жөнелді.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Богдановой Елены Аркадьевны, умершей 20.02.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Момыновой Г.С. г.Шымкент ул. Айбергенова 10-38. тел. 8 701 717 80 58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юлдашева Сайдуллы Ибайдуллаевича, умершего 22.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ишимову А.И. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 707 935 88 17.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аралбаевой Каншайыма, умершей 01.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Накиповой А.Ш. г.Шымкент ул. Толеби 39. тел. 8 778 591 80 98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тажмуханбетовой Кадишы Джумагалиевны, умершей 23.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Наурзаева Аскара, умершего 05.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абуовой Алтына Абдрахмановны, умершей 23.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 Г. тел. 8 771 383 43 47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нурекеевой Салимы Бакилбековны, умершей 12.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 Г. тел. 8 701 758 80 77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Губайдуллиной Анаса Габидиновича, умершего 18.04.2012г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Губайдуллиной Галины Васильевны, умершей 17.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Губайдуллиной Анаса Анасовича, умершего 27.09.2001г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел. 8 777 686 66 13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Данабекова Ермека Махсутовича, умершего 24.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Айтмирзаевой А.А. г.Шымкент ул. Бейбитшилик 22/36 тел. 8 776 306 00 73.

*** Открылось наследство после смерти гр. Турабаевой Халихон Тешабоевны, умершей 30.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул. Иляева 4-82 тел. 8 701 727 45 71.

*** Открылось наследство после смерти гр. Едилова Алибека Нахевича, умершего 03.02.2026 г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумановой А.К. г.Шымкент ул. Байтерекова 89 тел. 8 778 330 24 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Спатаевой Улбике, умершей 14.08.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Мамыковой Н.Т. г.Шымкент пр. Кабанбай батыра 18/4 тел. 8 702 996 27 79.

*** Открылось наследство после смерти гр. Пазилова Нуржана Джолдасбековича, умершего 03.03.2004г. Наследникам обращаться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул. Рыскулбекова 5/5 тел. 8 701 716 27 81.

*** Открылось наследство после смерти гр. Раджапова Эриса Пердабековича, умершего 15.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Утеевой Д.К. г.Шымкент ул. Гагарина 143/11. тел. 8 778 400 87 03.

*** Открылось наследство после смерти гр. Пуршева Николая Ивановича, умершего 03.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Анарметова Мамуржана Абдурашидовича, умершего 27.10.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бекмухамедова Рафаиля Вагизовича, умершего 11.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Умаровой А.С. г.Шымкент ул. Мангельдина 42-101. тел. 8 701 405 34 45.

*** Открылось наследство после смерти гр. Митин Виктора Ивановича, умершего 20.12.2025 г. Наследникам обращаться к нотариусу Маханбетовой К.Т. г.Шымкент мкр. Терискей 1-9. тел. 8 775 196 18 12.

*** Открылось наследство после смерти гр. Джаксылыкова Бауыржана Кадыркулбековича, умершего 02.12.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Рахметовой Г.Р. г.Шымкент ул. Иляева 15-26. тел. 8 707 525 58 28.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нургалинова Николая Сергеевича, умершего 06.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебековой А.М. г.Шымкент пр. Республики 20/24 тел. 8 701 550 09 89.

*** Открылось наследство после смерти гр. Домниной Веры Азизовны, умершей 22.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Худайбердиевой Каримы Мамадалиевны, умершей 14.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Маханова Айдардаулетулы, умершего 21.08.2025г.

Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Султанбаевой Бактыгул Бекжасаркызы, умершей 27.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Карабаевой Р.К. г.Шымкент ул. Рыскулова 80 тел. 8 701 741 27 45.

*** Открылось наследство после смерти гр. Керимбекова Байжана Бердикуловича, умершего 07.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Арыстановой Ф.С. г.Шымкент Темирлан. шоссе 125/4 тел. 8 747 153 02 83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кудайбергенова Калмырзы, умершего 13.10.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой З.С. г.Шымкент пр. Республики 21. тел. 8 702 762 32 19.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ергешова Ахана Султановича, умершего 29.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул. Иляева 4-41 тел. 8 701 718 10 49.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тюмбаевой Базаркулья, умершей 08.01.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Назаровой З.С. г.Шымкент пр. Республики 21 тел. 8 702 762 32 19.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мурзаевой Куппинисы Макимуловны, умершей 19.06.2010г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Маделли кожа 1 Г. тел. 8 705 682 20 75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юлдашева Илхамбека Миноворовича, умершего 20.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Ирисметову Д.Б. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел. 8 776 223 64 50.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ахметшиной Галимы, умершей 27.11.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменову А.О. г.Шымкент ул. Жолдасбекова 53/1 тел. 8 701 685 85 85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Куандыкова Ермана Естаевича, умершего 05.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Боранбековой С.С. г.Шымкент Тамерлан. шоссе 43 б./2. тел. 8 775 969 40 66.

*** Открылось наследство после смерти гр. Токаевой Азифаша Магомеджадиевны, умершей 06.02.2026г. Наследникам обращаться к нотариусу Пернебай Б.А. г.Шымкент ул. Аскарлова 5-62. тел. 8 701 714 73 94.

*** Открылось наследство после смерти гр. Матикенова Асана Джусуповича, умершего 06.09.2025г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар 59-26. тел. 8 778 402 83-83.

Ликвидация

*** ТОО "DAYANA" объявляет о своей ликвидации БИН 250940007812, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Уалиханова 186 А-57.

*** ТОО "Asia 707" объявляет о своей ликвидации БИН 210440028374, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Иляева 19.

*** ТОО "Фабрика натяжных потолков" объявляет о своей ликвидации БИН 220340009702, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Пошанова 31.

*** ТОО "Tau Group 5" объявляет о своей ликвидации БИН 221240016605, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан. обл. с. Уялыжар ул. Ыскакова 22.

*** ТОО "BEREKE EXPORT" объявляет о своей ликвидации БИН 240540024380, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Акжайык ул. Шойман аже 1 А.

*** ТОО "Dayar Resto" объявляет о своей ликвидации БИН 230140041691, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент пр. Республики 4-4.

*** ТОО "ПолиТест Юг" объявляет о своей ликвидации БИН 100240009407, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Бейбитшилик 4-4.

*** ТОО "SEE KZ" объявляет о своей ликвидации БИН 250840015979, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Байдибек би дом 113/1-203.

*** ТОО "Ансар КУС" объявляет о своей ликвидации БИН 160540017905, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент 16 мкр. дом 39-3.

*** ТОО "ЭКОЛАЙФ. KZ" объявляет о своей ликвидации БИН 111040008565, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Уалиханова 217 Г. кв. 23.

со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Уалиханова 217 Г. кв. 23.

*** ТОО "ISCOM-GROUP" объявляет о своей ликвидации БИН 160240013228, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Кремлевская 10-23.

*** Крестьянское хозяйство "МК" объявляет о своей ликвидации БИН 200264000485, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент Каратауский р/н уч. 023.

*** ТОО "BAISAL-M" объявляет о своей ликвидации БИН 180440010036, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Жас Гвардияшлыр 17.

*** ТОО "Аргымак" объявляет о своей ликвидации БИН 931240000290, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Жас Гвардияшлыр 17.

*** ТОО "Автомотосервис-У" объявляет о своей ликвидации БИН 0250240005398, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Молодая Гвардия 17.

*** ТОО "НҮР-БОЛАШАҚ -3 халықаралық мектебі" объявляет о своей ликвидации БИН 230940017816, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Торайгырова 97.

*** "Феникс-Жан" объявляет о своей ликвидации БИН 220540005281, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан. обл. Тюлькубасский р/н с. Кожамберды ул. Мукакова 10.

*** ТОО "Кошкар Group" объявляет о своей ликвидации БИН 180640025973, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Дулыга батыра 104.

*** ТОО "Alatau store" объявляет о своей ликвидации БИН 210940024895, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент 17 мкр. дом 18-22.

Жарамсыз деп танылсын

*** Утерянный документ Устав Общественный благотворительный фонд "Филантропия" БИН 241240034677 считать недействительными.

*** Аширова Акмарал Молдияровна атына тіркелген Медиация және психология "Маида" орталығының 20.05.2025ж. берілген №066 сертификаты, куәлігі және мөрінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерянный документ ИП "Алимбаев" ИИН 911106300742, бланк на международные перевозки грузов Россия 3 стран №0294179 считать недействительными.

*** Утерянные документы ИП "Aziz" ИИН 910615300043, бланки на международные перевозки грузов Россия 3 стран №0294208, Беоарусь 3 стран №5384017 считать недействительными.

*** Утерянный документ ИП "ROS Logistics" ИИН 040109502158 бланк на международные перевозки грузов Россия 3 стран №0802590 считать недействительными.

*** ИП "Надилов Р" ИИН 891215302606, бланк на международные перевозки грузов Азербайджан 3 стран №6047397 считать недействительными.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор

Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Илев көшесі, 29. E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану аяқсыз телігін.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86, Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30, Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25 Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 775 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «M-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Танылғысы: №040 Таралымы: 5100

Нөмірдің кезекті редакторы - Әлия ҚҰРАЛБЕК

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Колемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПГУ Туркестан» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылдың 30 наурызында сағат 12.00-де Түркістан обл., Сайрам ауд., Қарамұрт а.о., Қарамұрт ауылы, Мұхитдинов к-сі 3, Мәдениет үйі ғимаратында, «Түркістан облысының Сайрам ауданында қуаты 1000 МВт ПМУ базасында электр станциясын салу. Сыртқы газбен жабдықтау (құрылыс кезеңі)» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Өсер ету аумағы: Түркістан облысы, Сайрам ауд., Қарамұрт а.о., Қарамұрт ауылы.

Өсер ету аймағының географиялық координаттары: 42°19'37", 30°с.е., 69°58'47", 77 ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары:

42°22'25", 98°с.е., 69°55'21", 95 ш.б.

Онлайн қосылымдарға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9585863070?pwd=Maf8mgBpp1eYe03xVgBoevlOaQFUK.1&omn=79887335169>

Конференция сәйкестендіргіші: 958 586 3070. Рұқсат коды: H88Guv

Бастамашы «ПГУ Туркестан» ЖШС, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсуқент а.о., Ақсу ауылы, Жібек жолы к-сі, 55. БСН 110740016192, тел: +77016747878, пошта: a.jumabekova@ccgt.kz.

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші «Гидро-ЭкоРесурс-Л» ЖШС, Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі 21/2. БСН 120440002718, тел: 8-771-160-25-15, пошта: heresurs@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында танысуға болады, сондай-ақ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/press/article/1?directions=_10271&lang=ru.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады (<https://ndbecology.gov.kz>).

Қосымша ақпаратты Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі 21/2 мекенжайы бойынша және 8 (7132) 532450, 87711602515 телефондары арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ПГУ Туркестан», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12 час 00 мин. 30 марта 2026 года по адресу: Туркестанская область, Сайрамский район, Карамуртский с.о., с. Карамурт, ул. Мухитдинова, 3 (Дом культуры) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Раздел Охраны окружающей среды к рабочему проекту «Строительство электростанции на базе ПГУ мощностью 1000 МВт в Сайрамском районе Туркестанской области. Внешнее газоснабжение» (период строительства).

Территория воздействия: Туркестанская область, Сайрамский район, Карамуртский с.о., с. Карамурт.

Географические координаты территории воздействия: 42°19'37", 30°с.ш., 69°58'47", 77 в.д.

Географические координаты участка:

42°22'25", 98°с.ш., 69°55'21", 95 в.д.

Ссылка на онлайн подключения: <https://us04web.zoom.us/j/9585863070?pwd=Maf8mgBpp1eYe03xVgBoevlOaQFUK.1&omn=79887335169>

Идентификатор конференции: 958 586 3070. Код доступа: H88Guv

Инициатор: ТОО «ПГУ Туркестан», Туркестанская область, Сайрамский район, Ақсуқентский сельский округ, село Ақсу, ул. Жібек жолы, зд. 55. БИН 110740016192, тел: +77016747878, почта: a.jumabekova@ccgt.kz

Разработчик проектной документации ТОО «ГидроЭкоРесурс-Л», Ақтөбінская область, г. Ақтөбе, ул. Маресьева 21/2. БИН 120440002718, тел: 8-771-160-25-15, почта: heresurs@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/press/article/1?directions=_10271&lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>).

Дополнительную информацию можно получить по адресу г. Ақтөбе, ул. Маресьева 21/2 и по телефонам 8 (7132) 532450, 87711602515.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОСЫМША КӘСІП АШУҒА РҰҚСАТ БЕРІЛДІ: БҰЛ КІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ?



Фото ЖИ

Мектеп пен аурухана директорлары енді кәсіп ашып, табыс таба алады. Бұрын толық тыйым салынған санат енді кәсіпкерлікпен айналыса алады. Бірақ толық еркіндік берілмейді, мемлекеттік қызметкерлерге тыйым сақталады. Бұл туралы Stan.kz тілшісі хабарлайды.

Қазақстанда мемлекеттік мекемелердің басшыларына бизнес жасауға рұқсат берілді. Сенат заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, бұрынғы жалпы тыйымды алып тастады. Енді мемлекеттік қызметкерге теңестірілген басшылар, яғни үкіметтік емес ұйым жетекшілері мен түрлі басқарушылар – кәсіпкерлікпен айналыса алады.

2026 жылғы 3 қаңтардан бастап заң өзгерді. Енді квазимемлекеттік сектордағы кейбір басшыларға кәсіпкерлікпен айналысуға рұқсат берілді. Бұрын оларға толық тыйым болған.

Кімдерге рұқсат берілді?

Мемлекеттік қызметші емес, бірақ мемлекеттік функция атқаратын тұлғаларға, атап айтқанда:

мемлекеттік мекемелердің басшылары (мысалы, мектеп, аурухана директорлары)

мемлекеттік кәсіпорындардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарлары

квазимемлекеттік ұйымдардың басшылары

мемлекеттік сатып алу бөлімдерінің басшылары

филиал директорлары

“Азаматтарға арналған үкімет” қызметкерлері

жол саласында техникалық және авторлық қадағалау жасайтын мамандар

Яғни олар мемлекеттік қызметкер емес, бірақ басқарушылық қызметтегі адамдар.

Кімдерге мүлде тыйым салынған?

Мемлекеттік қызметкерлердің өзіне ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың басшыларына

ұлттық және өңірлік даму институттарының басшыларына

олардың еншілес ұйымдарының жетекшілеріне осы санатқа кәсіпкерлікпен айналысуға бұрынғыдай тыйым сақталады.

Қандай шартпен рұқсат?

Бизнес жасауға болады, бірақ: ол негізгі жұмысына кедергі келтірмеуі керек

қызметтік немесе мемлекеттік мүлік пайдаланылмауға тиіс

мүдделер қақтығысы болмауы керек

Алдын ала “бизнес бастадым” деп жариялау міндеті жоқ. Бірақ Салық кодексі мен Кәсіпкерлік кодексінің талаптары сақталуы қажет.

Заң бұзылса не болады?

Егер қызметтік мүлікті пайдаланса, мүдделер қақтығысы туындаса немесе

сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзса:

жұмыстан босатылуы мүмкін

әкімшілік жауапкершілікке тартылады

қылмыстық жауапкершілік те болуы мүмкін.

Сонымен қатар олар бұрынғыдай қаржылық бақылауда болады, туыстарымен бірге жұмыс істеуге шектеу сақталады. Қысқасы, кейбір басшыларға бизнеске жол ашылды. Бірақ “бәріне бірдей еркіндік” жоқ.

Мемлекеттік қызметі істері агенттің мәліметінше, олар әлі де мемлекеттік қызметкерлермен бірдей сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауда болады.

Яғни, егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаса, қылмыстық та, әкімшілік те жауапкершілікке тартылады.

“Бұдан бөлек, оларға қаржылық бақылау жүргізіледі, мүдделер қақтығысына жол бермеу талап етіледі және жақын туыстарымен бірге жұмыс істеуге тыйым салынады. Мәртебесі сәл өзгеше болғанымен, жауапкершілік пен талаптар бұрынғыдай қатаң сақталады”, – деп жауап берді мемлекет қызмет істері агенттігі.

Айта кетейік, заңда кәсіпкерлік қызметті бастар алдында оны арнайы жариялау немесе қосымша тіркеу міндеті қарастырылмаған.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілі Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстанда заңмен тыйым салынбаған кез келген бизнеспен айналысуға болатынын айтады.

“Ал мемлекеттік функция атқаратын адамдарға теңестірілген тұлғалар да кәсіп ашса, олар бәрі сияқты ортақ ережеге бағынады. Яғни:

Кәсіпкерлік кодексінің талаптарын сақтауы керек;

Салық кодексіне сәйкес тіркеліп, салық төлеуі тиіс;

Кәсіпкерлікке қатысты басқа да заң талаптарын орындауы қажет”, – деді агенттік өкілі.

Агенттіктің дерегінше, заң жобасын өзірлеуге Конституциялық соттың шешімі негіз болды.

“2023 жылғы 13 маусымда Конституциялық сот “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы” заңның 13-бабындағы кәсіпкерлікке толық тыйымды Конституцияға сәйкес емес деп таныды. Соған байланысты 2026 жылғы 3 қаңтарда тиісті өзгерістер қабылданды. Заң жобасын өзірлеуші Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі. Жұмыс тобының құрамына әділет министрілігі, ұлттық экономика министрілігі, қаржы министрілігі, бас прокуратура, ұлттық қауіпсіздік қызметі, ішкі істер министрілігі, төтенше жағдайлар министрілігі, Ұлттық банк, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, көлік министрілігі және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері кірді”, – дейді агенттік.

Stan.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Алтаев Д. Н.» ЖТ «Ғимараттарға қызмет көрсетуге арналған ғимараттың құрылысы (жол бойындағы қызметтерге) ЖМС 1-кезеңі» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 25.02.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ЧЛ «Алтаев Д. Н.» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «Строительство здания для обслуживание зданий (для обслуживание при дорожно-сервиса) 1-Очередь АЗС» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 25.02.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «Кенжебай Ата-Шаңырақ» бөбекжай балабақшасы» ЖШС «Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, А. Қалыбеков ауылдық округі, Жамбыл ауылы, Ш.Айменов көшесі №10 мекенжайы бойынша орналасқан «Кенжебай Ата-Шаңырақ» бөбекжай балабақшасы» ЖШС жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары бірінғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 25.02.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «Детский ясли-сад «Кенжебай Ата-Шанырақ» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «ТОО «Детский ясли-сад «Кенжебай Ата-Шанырақ» расположенного по адресу: Туркестанская область, Мақтааралский район, сельский округ А.Калыбеков, село Жамбыл, ул. Ш.Айменов, №10»» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 25.02.2026г в течение 5 рабочих дней. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Начальная школа «Суткент» БИН 220940031245, извещает об уменьшение размера уставного капитала, претензии кредиторов принимаются в течение 1 месяца с момента опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Отырар здание 13/8.